

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Алматинская область

Айтмолданова Аружан	2
Асқарбекқызы Ақнұр	3
Беркимбаева Тоғжан	4
Даулетиярова Роза	6
Ешмұхамет Ұлпан	7
Қадыржан Гүлназ	10
Қалибек Игнат.....	11
Караев Ернат.....	13
Керімжан Динара	17
Молдакулова Алтынай	18
Мырзақасым Ақгүл	21
Ташқараева Мадина	23
Тоқтасын Жансая.....	24
Турдыкеева Шынар.....	26
Шарипов Жасөрен.....	29
Шукурлаева А.	32

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Айтмолданова Аружан

Т. Жанұзақов атындағы орта мектебінің 5 сынып оқушысы,
Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы

Ұлы жеңіске 70 жыл

1941 жылы 22 шілдеде фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл жасап, Кеңес Одағын қиратып, шексіз билікке қол жеткізуді жоспарлады. Сөйтіп екі ай ішінде Кеңес Одағын жермен жексен етпекші болды. КСРО-дан өзге жолай Еуропаның бірқатар елдерін басып алды. Соғыс 1941-1945 жылдар аралығын қамтыды. Москва, Сталинград жерлерін басып алмақшы болған фашистік Германия қатар-қатар қалалар мен елді мекендерді қиратып, бейбіт халықты аяусыз қырды. Көмекке Қиыр Шығыстан бастап, Орта Азияға дейінгі аралықта әскерлер алынып, олар жұмылған жұдырықтай фашистерді түре қуды. Соның салдарынан қаншама қан төгіліп, қанша сәулелер сөнді. Отбасына жас жеткіншектер орала алмады. Бірақ олар бүгінгі бейбіт өмірдің сәулелерін жағушылар еді. Олардың қатарында тарих беттерінде есімдері алтын әріппен жазылған қазақтың өр тұлғалы ұлдары мен қыздары да бар. Атап, айтсақ Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигельдинов, Қасым Қайсенов, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова т.б. Мәскеу шайқасы тарихында шексіз ерлікпен қаһарман батырлықтың үлгісін көрсеткен, Бауыржан Момышұлының аты аңызға айналды.

Аналар жесір, бала жетім қалды. Әр жыл сайын аталып өтетін 9 мамыр жеңіс күнінде адамдардың көзінен жас моншақтайды. Себебі сол күні оралмай кеткен жарларын, біреулері ата-әжелерін, енді бірі оралмаған балаларын есіне алады. Менің нағашы әжемнің екі бауырыда соғысқа қатысқан. Олар өте жас екен бірі, Тасыбаев Тоқпай 17 жаста, бірі Тасыбаев Сұлтанбай 18 жаста екен. Тоқбай деген атамыз соғыстан оралмады. Ал Сұлтанбай атамыз бір аяғынан айырылып елге оралған. «Ұрыс даласында елім, жерім үшін бір аяғымды қалдырдым» деп әңгімесін айтып отырады екен. Ұлы жеңіске 70 жыл. Бұл аз уақыт емес, содан бері ғасырға жуық уақыт өтіпті, бірақ соғыс салған жара әлі жазылар емес. Енді соғыс атаулы болмасын. Елімізде тыныштық, бейбітшілік мәңгілік орнасын. Әр күнді бейбіт қарсы алып, тыныштықпен батырсақ екен. Сәбилердің ұйқысы тыныш, жеріміз аман болсын. Ерлік тек бейбіт өмірде жасалсын. Ақ көгершін аспанымызда мәңгілік қалықтасын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Асқарбекқызы Ақнұр

9 сынып, М.Мақатаев атындағы №13 орта мектеп

Іле ауданы Алматы облысы

Жетекші: Жандарал Рысқұл Байжұмақызы

Ұлы Жеңіске 70 жыл!

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 70 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын.

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат - екінші дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, соғыс - уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап. Адамзат жүрегіне айықпас жара салған Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінен өшпеген. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян.

Қанша үйдің ұрлап адамын,

Қанша үйде сөніп қалды оттар, - деп ақындар жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара жетпіс жыл өтсе де әлі жазылып қойған жоқ. Гитлер және оның төңірегіндегі дүлейлер бейбіт жатқан елді «тұтқиыл» шабуылмен талқандап, құртып жіберуді, халқын құлға айналдыруды, герман империализмінің отарына айналдыруды ойлады. Бірақ, ата-бабаларымыз міз бақпай, анталап келген жауға айбындылықпен қарсы тұрды. Өзінің Отанын қорғауға батыл бел буып шықты, әділетті азаттық соғысқа жұп жазбай тұтаса көтерілді, табандылық пен қайсарлық танытты. Жаратылысынан ақжүрек, батыр, намысты халық өз мүддесінен Отан мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанға деген махаббатын осылай дәлелдей білді. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

десеңші! "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Әрине, ардагерлеріміздің қатарының күн санап сиреуі қынжылтатын құбылыс. Майданда қан кешіп, соғыстан кйінгі заманның барлық ауыртпалығын иығымен көтерген сол буынның өкілдерінен үйренеріміз көп. Сол себептен ардагерлерімізді құрмет тұтып, көмек көрсету қажет. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Осы ұлан ғайыр даламызды найзаның ұшымен, білектің күшімен ата-бабаларымыз бізге аманат етіп тастап кетті. Осы аманатқа қиянат жасамай, келесі ұрпаққа жеткізу баршамыздың парызымыз.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құтты болсын!

Беркимбаева Тоғжан

8 сынып, Алтын ауыл орта мектебі,

Қаскелен қаласы Қарасай ауданы,

Алматы облысы

Жетекші: Шулбаева Қаламқас Байдуллақызы

Жеңіс туы желбіреген ұлы күн

Балауса тілек бал татыр,
Сөзімде менің сыр жатыр.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жетпіс онды елге паш еткен,
«Жеңісім» сенсің шын батыр!

Мөлдір аспан шуағын шашқан мына заманда, бақытсызбын деген адам адам ба?! Дүние есігін ашқанымнан, мейірімін күндей анам шашқан маған. Шапағатын шаттықтың сезіп балаң жүрегім, балалықтың бақытына батқандай боп жүремін. Туған жердің әр тасы күш-қуат беріп денеме, көктемдегі жауқазындай жайнап өсіп келемін. Өйткені мен туылдым тәуелсіз ел жерінде: қариясы отыратын төрінде, қызғалдағы құлпырған қыр-белінде. Әлімсақтан салт-дәстүрін ардақ тұтқан халқым бар, үлкендерін кіші сыйлар салтым бар. Бар әлемге елдігімді танытатын Астанадай қалам бар, о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін ұлан-байтақ далам бар, баба жолын жалғастырар данам бар. Осылардан үлгі алып, оттай жанып, елі үшін қыр асатын, қара сөзбен жыр жазатын мен секілді балаң бар. Елдігімді, ерлігімді жырлайтындай санам бар...

Бұл бақыттың оңайлықпен келмегенін, ырыс-құттың өз-өзінен енбегенін білемін. Мен көрмедім қиын өмір, аштықты да сезбедім. Бірақ «соғыс» деген суық сөздің ел ішіне кезгенін, апалардың, аталардың сұм тағдырды сезгенін, Отан үшін жанын беріп туған жерден алшақта, намыс отын жандырғанын, біліп отыр балдырғаның. Білетінім: батыр менің аталарым жауыз жауды 45-те жеңгенін, мәңгі оттай көңілінде сақталатын пенденің – «Жеңіс күні» екенін. Жетпіс көктем содан бері нұрын шашты далама, жетпіс жасқа келіп қапты сол кездегі бала да. Сәби болып сезбестен бұл фәнидің қызығын, алаулаған отты күндер шыжығын арқалаған міне солар. Бұғанасы қатпастан қанды көрді, от-жалынға алаулаған таңды көрді. Місе тұтпай аштықты қасқиып жауға аттанған жанды көрді. Қазағымның сол жылдарда майдандағы ерлігі, қиындыққа белін бүкпей тылда көрсеткен кеңдігі ұрпағыңа үлгі-өнеге қашанда. Жамбыл баба жырлары ұран болды майдан шебінде. Рақымжанның ту тіккені - батырлықтың жатқаны ғой тегінде. Бес жүз қазақ азаматы ие болып «батыр» деген ұлы атқа, өр кеудесін тосып оққа, қасық қанын Отан үшін берген жоқ па? Әлия, Мәншүк қайсарлығы, Бауыржанның өр тұлғасы – белгісіндей ерліктің. Қаншама ұлт елімдегі куәсіндей теңдіктің, дәмін татып қазақылық кеңдіктің бүгін міне тату өмір сүруде. Жаңа буын олар жайлы міндетті әркез білуге...

Көз салмастан өткенге, көш түзеліп кеткен бе? Болашаққа салынатын дархан жол кешегінің жалғасындай бүгінде. Жеңіс туы желбіреген ұлы күн ұрпағыңның айтылады мақтанышпен үнінде. Дүниені дүр сілкінткен сол алапат соғыста, ел шетіне жау тигенде, қарап жатпас батырдың есімдерін міне бүгін ұлағаттап жатырмыз. Соғыс дәмін татқан жандар бағалы санарлықтай саусақпен, арамыздан дүние көшін тастап кетіп барады. Өкінішті!.. Халық жолы - өшпес тарих, санамызда мәңгі жатталып қалады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс күні - жетпіс жылда аты аңызға айналып, әр жыл сайын ұлан-асыр тойланып, аталатын ұлы күн. Ұлылықты сезе білу, тарих жолын кезе білу келді ме екен қолымнан? Тәуекелге белді байлап, өзімді-өзім ақын сайлап, арнау жазып ерлігіңді жырласам, ұрпағыңның балаң үні, пәк үні деп қабылда! Ақ қағазға қалам тартып, із қалдырсам... бағым да.

Даулетиярова Роза

Алматы облысы Қарасай ауданы
Жамбыл орта мектебінің 11 сынып оқушысы

Ерлік пен жанған ұланымның кеудесі!
Тағы да соғыс, тағы да зеңбірек гүрсілі,
Тағы да тағы, тағыда ана күрсінді
Отанды қорғап, біздерге аман қалдырған,
Сөнді ғой қаншама жүрек дүрсілі.
Тағы да неміс, тағы да фашист зұлымы,
Тағы да кетті қазақтың жап – жас құлыны.
Тойымсыз болған, сондағы аш көз фашисттер,
Жетіскен жоққой, тұншықтырды өз былығы.

1941 –ші жыл... 1939 – шы жылы басталған «Екінші Дүниежүзілік соғыстың», күндерін әрең көріп жүрген, өз дінің еркін ұстана алмай, өз тілінде еркін сөйлей алмай, ата – бабаларымыз қанды соғыспен жаулап алып, жаның беріп аман алып қалған жерде тіршілік жасап жатқан, қарапайым халықты одан әрі сорлатып, «Ұлы Отан соғысына» айналуы қатты соққы болды. 1941 – ші жылғы Сталиннің жодлауы бойынша: «Великая», «Отечественная война» - деп, екі бөліп іркіліп, арасын суытып айтуының өзі халыққа үлкен үрей алып келді. Атқа мінуге, қару ұстауға жарамды деген еркек кіндітінің барлығы да соғысқа аттанды. Олар ата – бабаларымыздың ерліктерін жалғап, отанымызды қорғау үшін «Ұлы майданға» аттанды. Майданға кеткен жауынгерлердің жүрегі бір жақтан «Отаның жауынан қорғау» үшін ауырса, екінші жағынан үйінде қалған отбасын ойлап ауырады. Бірақ ешбірінің де жүрегі өлімнен қорқып сыздаған жоқ. Отанды қорғау үшін, ешкім де ештенесін де алған жоқ. Тіпті рухы берік, қазақтың қаракөз батыр қыздары да майданға аттанды. Майданда ерекше ерліктерімен көзге түсіп, есімі ел тарихында жатталған қазақтың қаракөз батыр ұлдары мен қыздары мақтанарлықтай көп болды. «Кеңес одағының батыры» атағына екі рет ие болған, қазақтың бетке тұтар азаматы, соғыс жауынгері, ұшқыш батырымыз – Талғат Бигелдинов, Кеңес одағының туына көкке көтеріп, қызыл туда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тіккен, жалғыз қазақ есінде ғана емес, бүкіл Кеңес одағының есінде сақталған ержүрек батырымыз Рақымжан Қошқарбаев, ел тарихында ерекше ерліктерімен, ержүрек, батырлығымен, өжеттілігімен есімдері өшпестей болып сақталып қалған мерген қызымыз Әлия Молдағұлова, пулеметші қызымыз – Мәншүк Мәметова, әскери қолбасшы Сағадат Нұрмағамбетов, Бауыржан Момышұлы және де, ерекше атап өтуге ерлігі әбден лайық есімі мен ерлігі естігенде кез – келген қазақ баласының денесі «дір» етіп, жүрегі тулап, патриоттық рухы оянып кететіндей ерлігі бар Сұлтан Баймағамбетов, міне бүгінгі таңда аталаған батырларымыздың ерлігіне 68 жылдан астам уақыт өтті. Ерліктеріне жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, есімдері мәңгі ел тарихында қаларлықтай болды. Сол күнгі жауынгерлердің соғыста кешкен күні мен қазіргі таңғы біздердің келер ұрпақтың күнін салыстыруға дәтім бармас.... Ең өкініштісі «Ұлы Отан соғысына» қатысқан жауынгерлеріміз шексіз көп болса да, ел есінде қалғаны санаулы ғана. Егер ондағы барлық жауынгерлердің есімін тізіп шығатын болсақ, бізге шың мәнінде жарты ғасыр жетпей қалары анық. Майдандағы жауынгерлердің ерліктері мен есімдерін еске ала отырып, шығармалды мына қанатты сөздермен аяқтағанды жөн көрдім. «Ер есімі – ел есінде!»...

Ешмұхамет Ұлпан

Алматы облысы Қарасай ауданы Жандосов ауылы
«О.Жандосов атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын
орталықпен» КММ 10 сынып оқушысы
Жетекшісі: Узакова Шырын

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ, Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды.

Женіс күні! Бұл – сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары, ержүректігі, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі.

Қазақстаннан шыққан батырларымыз қан майданда саптың алдыңғы шебінде өздерінің ержүректілігінің және мергендігінің арқасында көзге түсе

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

білді. Елімізден соғысқа миллионнан астам қазақ азаматтары қатысты. Атап айтар болсақ, Б. Момышұлы, Т. Бигелдинов, И.В. Панфилов, И. Журба, Г. Булатовтар және т.б. Бұл соғыста тек қана ерлер емес табиғаты нәзік болғанымен, ержүрек, батыр аруларымыз да болды. Мысалы, М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, Х. Доспанова сияқты қыздарымыздың ерлігі жайында сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Алапат шайқаста ерен ерліктерімен дүниені таңқалдырған осындай қыздарымызбен бүгінгі күні мақтанамыз.

Осы соғыста 96 қазақ Кеңес Одағы батыры атағына ие болды. Табандылық пен ерлік, отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Сол жылы Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Фашистік Германия ашқан екінші дүниежүзілік соғыстың халыққа қандай зардап әкелгені тарих беттерінде айқын. Басқыншы фашистерге соққы беріп, Отан қорғауға аттанғандардың ішінде біреудің баласы, біреудің іні-ағасы, күйеуі, нағашысы кетіп, көбі қайтпай қалды. Қайтқандардың өздері аянышты жағдайда мүгедек, жарымжан болып оралды. Талай жүректерге орны толмас қасірет әкелген соғыс ызғары алыстаған сайын, бүгінгі жастардың санасынан жеңістің мән-мағынасы өшіп бара жатқан сыңайлы. Соғыс қиыншылығын, оның тауқыметін көрмеген, тыныштық қоғамында өмірге келген жас жеткіншектер, яғни біздер, жеңіс күнінің қадір-қасиетін толығымен түсіне бермейміз. Көпшілік қауым 9 мамыр – Жеңіс күні екенін біледі, бірақ жан-тәнімен осы күннің ерекшелігін сезіне алмай жүргеніміз өтірік емес. Бұл күн-мереке ғана емес, ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Қаншама жанның үкілеген үміті ақталып, төгілген көз жастардың қуанышқа айналған күні. Бастан өткізген қайғы-мұңды ұмыттырып, өткен күннің қасіретінен арылтқан күн. Міне,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

9 мамыр, осындай қуаныштарды сыйлаған барша қауымның төл мерекесі биыл 70 рет аталып өтпекші. Бұл күнді атап өту дегеніміз-шарап буынан шалқып, теңселе жүріп той тойлау емес. Азаттық үшін күрескен асыл жандардың ерен ерліктерін еске алып олар жайлы келешек ұрпақтарға өнеге-өсиет қылу. Осы бір тарихымызды еске сақтап, аманат еткен жерді қорғап, дамыту, гүлдендіру бұл, әрине, бүгінгі ұрпақ – біздің қасиетті парызымыз. Біз үшін отқа түскен, жанын пида қылған барша отандастарымыздың алдында бас иеміз. Ардагер аталарымыздың жауынгерлік ерлігі, тылдағы бауырлармыздың еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Талай жыл арман еткен, азаттық жолында күрескен, келер ұрпаққа жеңіс қуанышын сыйлаған ата-бабаларымыздың рухына тағзым етіп, батыр да батыл ер азаматтарымыздың ерен еңбектерін бағалау баршаның міндеті секілді. Осы бір тәуелсіз қоғам, бас еркіндігі біздің елде қалай орнады? Міне, осы мәселе жөнінде ойлансақ, біздер жеңіс мерекесін нағыз патриоттық, намысшылдық сезіммен атап өтер едік.

Қорыта айтқанда, жылдан-жылға азайып бара жатқан ардагер карттарымызды құрметтеп, барынша көмек қолын созып көмектесуіміз қажет деп ойлаймын. Бүгінгі шуақты күніміз, егеменді ел болу үшін біздің халқымыз, қазақ халқы басынан қандай күнді кешпеді десеңізші... .

Өзімізден кейінгі іні-сіңілілерімізге қазіргі уақыттағы тәуелсіздігіміз оңайлықпен келмегенін түсіндіріп, оларға жеңіс, тәуелсіздігіміз туралы толыққанды мәліметтер беріп, еліміздің мерейі үстем, болашағы жарқын да нұрлы болуына аз да болса өз үлесімізді қоссақ нұр үстіне нұр болары анық. Аспанымызды қара бұлт шалмай, бейбіт, өмірде достастықпен күн кешіп өмір сүрейік. Тәуелсіздігімізді бағалап, жарқын болашаққа нық сеніммен қадам баса берейік!!!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қадыржан Гүлназ

4-сынып, Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп Қаражота ауылы
Еңбекшіқазақ ауданы Алматы облысы
Жетекші: Абдыхожаева Захан

Мен тәуелсіз бейбіт елдің ұрпағымын

Мен тәуелсіз, бейбіт елде дүниеге келген жас ұрпақпын. Соғыс дегенді білмеймін. Бірақ, ұстазым, ата-анам соғыстың қандай болатынын айтып берді. Екі ел жауласып, бір-біріне қару көтеріп елдің тыныштығы бұзылады екен. Соғыста адамдардың жүзінен күлкі кетіп, түндері ұйқысыз өтеді. Балалар әкесінен, анасынан, аналар баласынан айырылып қайғы құшады екен. Соғыста бірін-бірі өлтіріп қинайды екен. Соғыста адамдардың қол-аяғынан айырылғандары да бар. Соғыс өте жаман. Мен еліміздің берекелі бейбіт өмір сүргенін қалаймын. Жерімізде ешқандай соғыс болмаса екен.

Ұлы Отан соғысына биыл 70 жыл толады. 70 жасқа келген атаны көрсем, осыншама жылдың ұзақ екенін түсінемін. Анам да айтады, "70 жыл бір адамның ғұмыры" деп. Ұлы Отан соғысы төрт жылға созылыпты. Кеңес Одағы деген үлкен елдің барлық ұлтының ер азаматтарымен қоса қайсар қыздары да қолға қару алып жауға қарсы ерлік көрсеткен екен. Біздің қазақ елімізден 600 мыңдай адам соғыс даласында елін қорғап қаза тапқан.

Мен Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектепте білім алып, Әлия Молдағұлова атындағы көшеде тұрамын. Осы екі кісі де Ұлы Отан соғысына қатысып, елін-жерін қорғауға, 70 жыл болған жеңісті алып беруге үлкен үлестерін қосқан батырлар. Әлия апамыз майдан даласында ерлікпен қаза тауып, Кеңес Одағының батыры атағын алған қазақтың қайсар қызы. Бауыржан атамыз да соғыстың бел ортасында жүріп, әскери қолбасшы болған. Бірақ "Әділет қашан да жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды" деген атамыз батыр атағын тек 1990 жылы 12-желтоқсанда ғана алған екен. Бауыржан атамыздың ерлігі бізге үлгі. Соғыстағы батыр аталарымыз дүниеден өтсе де есімдері тарихта қалады.

Мен "Соғысты бастаған адамдардың ата-аналары қандай тәрбие берді екен?" деп ойлаймын. Сондықтан жер бетіндегі барлық ата-анаға айтарым, біз сияқты балаларыңызды мейірімді етіп тәрбиелеңіздер. Біздің пәк

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жүрегімізден шыққан ақ тілегіміз сол. Жер бетінде енді ешқашан соғыс болмасын. Аналар да, әкелер де, балалар да жыламасын.

Қалибек Игнат

Алматы облысы Райымбек ауданы
Ы.Көшкінов атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы

Ер есімі-ел есінде

Ешкім де ештеңе де ұмытымақ емес...

Ұшса қыранның қанаты талатын, жүгірсе жүйріктің тұяғы тозатын үлкен, қойнауы пайдалы қазбаға толы жерін сыртқы жаудан қорғау үшін қазағымның басынан көптеген қиындықтар өтті.

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4 шамасы, халық шырт ұйқыда. Дүрсілдеген бомба дауысы. Әуеде оқ жаудырған ұшақтар, жерде темір табан танктер мен әскери техникалар КСРО-ға басып кірді. Өзімізге белгілі Фашистік Германиямен КСРО 10 жылдық «Шабуыл жасаспау» туралы келісімге қол қойылған болатын. Тыныш ұйқыда жатқан кеңістік елдер үшін бұл күтпеген оқиға болды. Кеңес әскерінің қолындағы қару-жарақпен неміс әскері қару – жарақтарын мүлдем салыстыруға келмейтін. Адольф Гитлердің тиянақты жоспары КСРО-ны басып алу мерзімі бәрі толық болжанған болатын. Алты айдың ішінде жаулап аламын деген Гитлер жоспарының астан – кестеңі шықты. КСРО құрамында Қазақстан да болатын. Сталинград майданына жақын орналасқан. Ұлы Отан соғысына - Қазақстан зор күш жұмылдырды. Оқ – дәріге керек қорғасын өндіру бойынша Қазақстан 2- орында болды. Әскер жұмылдыруымен қатар тыл жұмысына тікелей ат салысты. Төгілген қан, аққан тер жеңіске деген күш – жігер бәрі топтанып халық рухын жасытпады.

Қолына қару алып елін , жерін қорғап,батыр атағын алған,отан үшін жанын қиған ерлердің есімі ел есінде.Сол есімдердің бірі – Бауыржан Момышұлы И. Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясының құрамында батальон командирі болды. Бұл дивизия Алматы қаласында жасақталған болатын.Бауыржан атамыз мойнына елінің тағдырымен қатар қол астындағы жауынгерлердің өмірі жүктелді. Қатардағы сарбаздың емес,батальон басқарған офицердің жауапкершілігі жоғары болатын.Жолдас аға лейтенант ешқашан жасымады. Жүздеген сарбаздарға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өшпес рух, талапты тағылым бере білді. Бауыржан атаның мінезі, офицерге тән бітімі, қолбасшыға лайық айлакерлігі, өзіне тән болмысы көп жерде септігін тигізді. Мәскеу үшін болған ұрыста да жеңісті бір қадам болса да жақындата білді. Көрегендігімен «28-Панфиловшылар» ерлігінің арқасында майдан даласында қиын кезеңдерде жол таба білді. Ол кісінің басынан өткен қиыншылықтарымен, шабуыл әрекеттерін өзі шығарған кітабынан да оқып білуге болады. Бауыржан Момышұлы естеліктерінің бірінде өзінің басқаруындағы батальонмен бірге орман арасынан жол салып, қару –жарақ тиелген арбаларды 10 шақырымнан аса жол сүйреп негізгі трассаға шыққан тұсын суреттейді. Жолдағы ағаштарды кесіп, ұзақ шақырымды артқа тастап жолға шыққан кездерінде фашистік солдаттармен, танктеріне кезігеді. Шаршап шалдыққан жауынгерлер тез естерін жиып ұрыс жағдайына көшіп шығынсыз «Волоколамск тас жолына» жетеді.

«Бұл сәт те 1 сағатта өтіп кеткен секілді» -деп жазды. Бұл жолдар Бауыржан атаның артында қалған тек естеліктер. Басынан өткен шақтары оқиғалар, қолданған әскери тактикалары ақ паракқа түсіріліп ұрпағына мұра ретінде сақталып қалады. Өзі өмірден өтсе де туа біткен мінезі, өзіне тән болмысы, өр тұлғасы халық жадында.

Майданда құрлық әскері, сондай-ақ әуеден де ерлік көрсетіп «Халық қаһарманы» атағын алған Талғат Бигельдинов, Нұркен Әбдіров аталарымыздың орны ерекше. Талғат Бигельдинов бір өзі жаудың 37 ұшағының көзін жойды. Екі мәрте «Халық қаһарманы» атанды. Ал Нұркен Әбдіров өзінің Отаны үшін жан пида етті. Жанған ұшағын фашистер техникасы шоғырланған аумақтың үстіне бағыттап ерлікпен қаза тапты. Аяусыз қалалармен деревняларды бомбалаған жау ұшақтарының алдын орай білді. Талғат Бигельдинов елге аман-есен оралған соң Авиация саласында жоғары қызметтер атқарды. Жақында ғана қалың елі ардақты да батыр ұлдарынан айырылып қалды. Ол кісінің бет-бейнесі, тұлғасы көз алдымызда.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағанбетов ерлігі ерен. Соғыстың шешуші майданы – Берлин майданында немістердің тізе бүктіруіне қатысты. Қанды жылдардың аяқталуына, халқының жеңіске жетуіне септігін тигізді. Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, рейхстаққа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, Баубек Бұлқышев, партизаншы Қасым Қайсенов сынды аталарымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Ұлы Отан соғысында сарбаздар қатарында апаларымыз да болады. Отанының батыр қыздары - Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова апаларымыз өз еріктерімен соғысқа аттанды. Бірі алдыңғы шепте мерген, бірі пулеметші болып соғысты. Аға –інілерінен қалыспай ерлік көрсетіп, бой жеткен шақтарында жандарын қиды. Апаларымыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қатарында жауынгерлердің рухын көтеріп, бұлбұл әнші атанған – Роза Бағланованың еңбегі өлшеусіз. Гүрс-гүрс жарылған бомбалардың, өртке оранған ғимараттармен қарша бораған оқ ортасында жарақат ала жүріп солдаттар үшін ән салды, рухтарын көтере білді. Көкте самғап жүріп, ұшақтың тізгінін ұстап батыр қыздардың үлгісін көрсеткен – Хиуаз Доспанова есімі де тарих жадында.

Халыққа қайғы әкеліп, сүйікті әке мен жардан, жалғыз ұлдан айырған зұлым соғыстың аяқталғанына, Ұлы жеңіске биыл 70 жыл толды. Қазіргі таңда Қазақстан даму жолына түскен, тұрақты әскері бар мемлекет. Әскери өндірісте жаңалықтар орнаған. Елде бес аумаққа бөлінген қолбасшылықтар шекара қорғаумен қатар ішкі тұрақтылықты сақтауда үлкен қызметтер атқаруда. Жаяу әскер, теңіз қарулы күштері, әуе шабуылы мен қорғанысы сынды салаларға бөлінген. Осы салада, әскер қатарында қызмет ету әрбір азаматтың борышы. Еліміздің тұрақтылығымен халқымыздың бейбітшілігін сақтау үшін қызмет істеуіміз керек. Аталарымыздың, апаларымыздың төккен қандарын, маңдайларынан аққан терлерін, көрсеткен ерліктерін біз ешқашан ұмытпауымыз тиіс. Әлемде тек татулықпен бейбітшіл болғанын тілейміз.

«Қайғыны білмесін ана жаны,
Қазіргі адамдардың арман осы.
Әлемнің бар сәби балалары,

Оянсын ұйқысынан көңілді бәрі» - дегім келеді. Сондықтан жыл сайын сұрапыл соғыстың куәгерлері – майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне құрмет ілтипатымызды білдіріп, соғыста қаза тапқандардың рухына бас иеміз.

Ауылымда жалғыз соғыс ардагері бар. Ол кісінің есімі Әлімжанов Баба Қазір 90 жастан асты. Ауданда ардақты ардагер, ұлағатты ұстаз. Артынан еріп келе жатқан балалары мен немерелеріне үлкен үлгі-өнеге береді. Атама зор денсаулық тілей отырып Жеңістің 70 жылдығымен құттықтаймын. Әлемде тыныштық болсын! Болмасын соғыс, жойылсын сөз соғыс деген деп айтқым келеді.

Караев Ернат

8-сынып, 1 Май орта мектебі, Бекболат ауылы
Қарасай ауданы Алматы облысы
Жетекші: Жолбусунова Мақпал

Жаса, жеңіс!

1941 жыл. Ұлы Отан соғысы басталды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Үшқоңыр тауының етегіндегі жанға жайлы, табиғаты көркем жерде малын бағын, егінін егіп жайбарақат отырған ауылға да төбеден түскендей «соғыс» деген жыландай суық сөз жетеді. Елдегі бас көтерер ер-азаматқа шақыру қағазы келіп, олар шетінен жаппай майданға, Отанын қорғауға кетіп жатты.

Ауылдың бас жағында, сиыр өрістен қайтар тұста тұрған аласа қоржын тамға да соғыс лаңы келіп кірді. Бір шаңырақтан апталдай үш азамат та соғысқа аттанды. Арттарында көздері жаутандап балалары, иектері кемсендеп аналары, көз жасы көл болып жарлары қала берді. Сол кезде олар азаматтарын қайтпас сапарға аттандырып жатқанын, әрине, білмеген еді...

Бұлар - менің нағашы атамның әкесі Манабаев Жүреберсін, оның ағасы Манабаев Байділда және бірге туған апалары Манабаева Имаштың баласы Исаев Абдығали болатын. Манабаев Жүреберсін атамыз Ленинградта қоршауда болып, қара жұмыс істепті. Ол кісіден 1943 жылы қара қағаз келеді. Ал Байділда атамыз 1941 жылы соғысқа аттанып, Сталинград қаласы түбінде қоршауда болған. Украинада қанды шайқастарға қатысып, кейін 1943 жылы Чехословакияда қайтыс болды деген қара қағаз келеді. Алған медальдары бар. Абдығали атамыз 1924 жылы туған, 1941 жылы соғысқа аттанып, 1944 жылдың соңында жеңіске аз ғана жетпей, Берлин қаласын азат етерде мәңгілікке көз жұмыпты. Міне осы болған жайттарды маған нағашы атам Мұстафа айтып берген еді. Соғыс басталғанда атам небары бір жаста ғана болыпты. Кейін есін біліп, етек жапқан шақта анасы әкелері туралы әңгімені құлағына құйып отырған екен. Ауылда соғыс өрті шарпымаған бірде-бір үй қалмаған дейді. Сол кезде біздің ауылымыздан майданға кеткен боздақтардың дені туған елге қайтпапты.

Ия, содан бері 70 жыл өтіп кетіпті.

70жыл-

Бейбіт көктем таң атқалы,

70 жыл-

Шуақты күн таратты әнін,

Есімде содан бері 70 рет

Ашылды жеңіс күннің парақтары,

Талай құс содан бері қайта оралды

Талай бақ әлеміне қайта оралды

Соғыста өлгендер тек оралмайды,

Тек ұрпақ олар жайлы айтады әнді...

Жеңіс... Иә, оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап, сарыла күтті емес пе?! Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталды. Тілектері орындалды. Бірақ, сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп, миллиондаған асыл азаматтар мерт болды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтқан жесір, бала әкесінен, анасынан айырылып жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагерінде қаншама ана мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы – қасіреттерін арқалай жүріп, аш-жалаңаш тынбай жұмыс істеді. Бірақ ешкімнің сағы сынбады. Жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезім, қолына қару алып, сапқа тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі Жеңіс сағатын жақындата түсті. Халқымыз адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңге душар болды.

Қазақстанда соғыстың алдында 6,2 миллион халық тұратын еді. Осы жылдары республикамыздан 1млн.196 мың 164 адам қару асынып, майданға аттанды. Республикадан еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Сонда Қазақстаннан соғыс жылдары әскери комиссариаттары арқылы 1млн 900мың адам сапқа тұрды. Еңбек армиясы негізінен қорғаныс кәсіпорындарын, темір жолдары, электр станцияларын салуға қатынасты. Ал, арнайы құрылыс батальондарының көпшілігі майдан шебіндегі қираған темір жолдар мен басқа да әскери объектілерді салуға, жөндеп қайта іске қосуға қатынасты.

Соғыс жылдары-ақ Қазақстандық бес әскери құрамаға гвардиялық деген құрметті атақ беріліп, олардың туларына әлденеше ордендер қадалды. Олардың жауынгерлерінің ерлігі аңызға айналды. Соның ішінде атақты 28 гвардиялық Панфилов дивизиясы бар. оның құрамынан шыққан 28 батырдың батальон, кейінен дивизия командирі болған Бауыржан Момышұлының есімі соғыс тарихынан мәңгілік орын алды.

Ығысқан жауы түрінен.
Бауыржан батыр қол бастап,
Москваның түбінен,
Ерліктер жасап ол асқақ.
Волоколам жолында
Жауымен талай арбасқан.
Іздері бар артында,
Бауырлар ізгі ерлердің.
Іздерін қалай шаң басқан.

Отанымыздың бостандығы жолында фашист басқыншыларына қарсы өшпес ерлік көрсеткен қазақ халқының батыр ұлдары Сұлтан Баймағанбетов, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Ақаділ Суханбаев, Абдолла Үсеновтер даңққа бөленді.

«Ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен» сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз: шығыстың қос жұлдызы – Әлия Молдағұлова мен Әлия Молдағұлова да асқан ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Фашизмнің ордасы Рейхстагқа қазақ жігіті, лейтенант Рақымжан Қошқарбаев Қызыл ту тікті.

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.

1945 жыл. 9 мамыр. Біздің қаһарман халқымыз жауды тізе бүктірді. Көптен зарыға күткен Жеңіс туы желбіреді.

Жеңіс, Жеңіс!
Бабамыздың
Қызыл қаны төгілген.
Кеше туған және біздің
Бағымыз боп көрінген.
Әсем әндей, қоңыр күйдей,
Жылдан жылға жаңғырып,
Жаса, Жеңіс – ел ерлігі,
Сен жасай бер мәңгілік!

Ауыр жылдар артта қалды. Біздің еліміз бейбітшілікті сүйеді, қастерлейді. Ананы – баладан, баланы – анадан айыратын сұм соғысқа ешқашан жол жоқ!

Біз, қазіргі бейбіт заманның ұрпақтары, 41 жылғы сұрапыл соғысты да, 86 жылғы желтоқсан көтерілісін де көрген жоқпыз, көргіміз де келмейді. Осындай тыныштықта, бақытты кезде өмір сүріп жатқанымыз - Отан үшін от кешкен, күннен күнге қатары сиреп келе жатқан аталарымыздың арқасы екенін білеміз.

Өзімнің аталарым маған батырлықтың, азаматтықтың үлгісі тәрізді. Жеңісті жақындатуға аталарымыздың ерлігі ғана емес, ерлердің орнына етекте тұріп, ауыр еңбекке араласқан елдегі аналардың да көп үлесі бар деп түсінемін. Қаншама үй соғыстан қара қағаз алып, қара жамылып, аңырап қалды десеңізші. Талай үй бірнеше азаматынан айрылып, шаңырағы ортасына түсіп, күйреп қалған жоқ па?!

Соғыс жалмап аға, іні, бауырды
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.
Бірақ біздер өздеріңнің арқанда,
Көрген жоқпыз сол бір қырғын дауылды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сол соғыстан бері 70 жыл өтті. Бұл әрине көп уақыт. Еліміз адам танымастай өзгерді. Соғыстың ізі де жоқ. Майдангерлердің көбі бақилық болып кетті, ал олардың ұрпақтары өсіп-өніп, туған жері, елі үшін, отбасы қамы үшін еңбек етіп, бейбіт заманда өмір сүруде. Айрандай ұйыған алақандай ауылым да шатшадыман күй кешіп жатыр. Сонау кешегі сұрапыл соғыс салған жара ауыл ортасында қойылған ескерткіштегі жазулардан ғана көрінетіндей.

Мен, өзім Елбасымыздың жерлесі болғанымды, Қарасай бабамыздың ізін жалғастырған, Ұлы Отан соғысынан қайтпаған аталарымның ерлік істерін мақтаныш санаймын.

Бұдан кейін ешқандай соғыс болмай, елімізде тек тыныштық болсын деп тілеймін. Отанымызды сүйіп, қастерлеп, ата-баба дәстүрін, әдет-ғұрпын берік ұстанып, үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты болуға тырысамын. Бүгінгі жас ұрпақ аталарымыздың қанымен, жанымен келген бейбітшілік туын әрқашан биік ұстаймыз!

Керімжан Динара

4-сынып, Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп
Қаражота ауылы Еңбекшіқазақ ауданы Алматы облысы
Жетекші: Абдыхожаева Захан

Отан деп соққан жүрегі...

Қазақтың басына төнген қара бұлт Ұлы Отан соғысы кезінде қанды қырғыннан қаймықпай талай қазақтың азаматтары елі үшін, жері үшін ерен ерлік көрсетіп, ұрыс алаңында мерт болды. Даламыз қандай кең болса, пейілі сондай халқымыз қан майданда сынға түсті. Бұл соғыстың зардабы әрбір адамға, әр отбасына тиді. Әрбір үшінші қазақ ерлері отбасына оралмады. Ана баласынан, бала әкесінен, жары отағасынан айырылды. Олар күлмеді, тәулік бойы ұйықтаған жоқ, тойып тамақ ішпеді. Аса шыдамдылық пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті.

Айқас алаңында өшпес ерлік көрсеткен 500 азамат сол кездегі Ұлы Отан соғысының жеңіске жетуіне үлкен үлесін қосты. Кеңес Одағының Батыры атағын алған осы апа-аталарымыз оның дәлелі. Тарихта алтын әріппен жазылып қалған Ұлы Отан соғысының жеңісі бізге оңайлықпен келген жоқ. Солардың жанымен, қанымен, терімен, төккен көз жастарымен, ерлікпен, қайтпас қажырлықпен, туған жердің топырағын жауға таптатпай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еңіреп жүріп жеткен күн. Ал тылда бел жазбай еңбек екен Қазастандықтардың соғыстағы жауынгерлерге азық-түлік, киім-кешек, оқ-дәрі жағынан көрсеткен көмектері жеңісті бір табан жақындатты. Қазақтың кара көз өрімдей қыздары да қайсарлықпен көкірегін оққа тосты.

Біздің мектепте Жеңістің 70-жылдығына орай қойылым, концерт, ашық тәрбие сағаты өтеді. Мен білетін соғыс ардагерлері: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов, Рахымжан Қошқарбаев. Біз бұл батырларымызды мақтан етеміз. Сол кісілердің арқасында бақытты өмір сүріп жатырмыз. Отан деп соққан жүрегі бар, біз сияқты елжанды жастары барда қазақтың көсегесі көгеріп, тасы өрге домалары әбден анық.

Молдакулова Алтынай

10 сынып, №49 орта мектеп Сарыөзек ауылы,
Кербұлақ ауданы Алматы облысы
Жетекші: Донбаева Ляйла Адилбековна

Желбіреген Жеңістің жалауы

Жеңіске жеткен қуанышқа кенелді,
жетпеген арманда кетті. Отан соғысында
өлгендерді ұмытпайық. Өлгенді ардақтай
білген ғана тіріні құрметтей алады.

Б.Момышұлы «Аңыз бен ақиқат» кітабынан.

Әр уақыттың, әр ұрпақтың таным – түсінігі әртүрлі. Кешегі өткен күн біреу үшін- өмірі, тағдыры ақиқаты. Ал, ол бүгінгі ұрпақ үшін тарих қана. Уақыт өзгерген сайын адамның әр құбылыс туралы пікірі, оның қабылдауы өзгеріп отыратыны да шындық. 70 жыл бұрын ел басынан кешкен соғыс нәубетін ұмыту мүмкін емес. Ұмытпайды. Бірақ, соғысты әр ұрпақтың әртүрлі елестететіні де заңдылық.

Адамзат тарихында Жеңістер көп. Бірақ, солардың ішінде мән-маңызы жөнінен шоқтығы биік – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс. Алдымыздағы жылы осынау Ұлы Жеңіске 70 жыл толғалы отыр. Демек біздің аспан астында өмір сүріп жатқанымызға 70 жыл! Сондықтан жыл сайын біз 9 мамыр күні сұрапыл соғыстың куәгерлері – майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне құрмет ілтипаттарымызды білдіріп, соғыс сабақтарын еске алып, соғыста қаза тапқандардың рухына бас иеміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Екінші дүние жүзілік соғыстың ішінде ең ауыры 1941-1945 ж.ж болған Ұлы Отан соғысы болды. Ол жылдардың лаңы қалай дегенде де әрбір адамның тағдырына әсер етті. Көпшілігі Отанын қорғау жолында мерт болса, сонша адам майданды керек-жарақпен қамту жолында еңбек етіп, Ұлы Жеңістің негізін қалады. Сондықтан бұл соғыстың аяқталғанына 70 жыл өтсе де, оның салған жарасы әлі күнге дейін сыздайды... Бүгінде кеуделеріне медаль мен ордер таққан аталардың суретін көргенде, ардагерлердің әңгімесін тыңдағанда, майдан жылдарындағы әндерді естігінде көңілге еріксіз мұң ұялайды. Көктеммен бірге келетін осынау Жеңіс мерекесінің көз жасы аралас қуаныш мерекесі немесе «Эта праздник со слезами на глазах...» деп аталуы да, мүмкін, сондықтан болар.

Осы Ұлы Жеңістің бағасы, құны адамзат үшін қаншалықты қымбат?- деген сауалға жауап іздеп, қысқаша саралап қарасақ: Брестіден Москваға дейінгі жер қашықтығы 1200 шықырымды құрайды екен. Ал, Москвадан Берлинге дейінгі жердің ара қашықтығы 1400 шықырым деп берілген. Демек екі аралықтағы жердің қашықтығы 2600 шықырым. Осылай есептеп қарасақ екі ел арасында ара қашықтық тым алшақ сияқты емес. Бұл поездбен 4 тәуліктік, самолетпен 4 сағаттық жол екен.

Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының 1710 қаласы күл-талқан болды, 70 мыңнан астам село мен деревня өртенді. Алдын-ала есептеулерге қарағанда, Кеңес Одағы Қарулы Күштерінің адам шығыны – қаза тапқандар, жарақаттан және аурудан өлгендер, хабарсыз кеткендер, тұтқыннан қайтпағандар, Жапониямен соғысты қоса есептегенде 8 млн. 669 мың адамға жетті. Кеңес Одағы халқының тікелей және жанама шығыны 50 млн-ға жуық адам болды, оның тікелей және жарадан қаза болғандары, тұтқындары бар 27 млн. адам еді. Қазақ халқының Ұлы Отан соғысында қаза тапқан адамдарының саны – 350 мың. Бұл шығын ұзақ жылдар бойы елдің демографиялық жағдайына ықпал етті. Қазақстан майданға 1 млн. 200 мың жауынгер аттанды. Жауға атылған оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды. Елімізде шоғырланған марганец пен молибденнің 60%-ы біздің республикада өндірілді.

Соғыс өрті тұтанғанда тым жырақта орналасқанына қарамастан, Күреңбел жерінің азаматтары да ер етігімен су кешер сын сағат туғанда қолдарына қару алып, соғысқа аттанды.

Соғысқа аттанып, жауынгерлік тағдыр жолын жүріп өткен, соғыстың куәгері - атам Артықбаев Айтбек Үмітбайұлы. Атам 1923 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданы, Сарыөзек жерінде дүниеге келген. Зұлым ашаршылық ата-анасынан ерте айырады. Жастайынан зерек болып, білімге ден қояды. Атам Ұлы Отан соғысының түрлі майдандарында көптеген шайқастарға қатысады. Әсіресе, Украина жеріндегі жаумен болған кескілескен ұрыстардың бел ортасында болды. Осы шайқастарда бір-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бірлеріне тез бауыр басып үлгерген қаруластарынан айрылды. Өрт шалған державалардағы жау азаптаған халықтың жай-күйі, олардың азат ету жолында көз жұмған қаруастардың кегі жас жауынгерлердің жүрегін жаралап, дұшпандарға деген ашу-ызасын қайнатты. Атам қаруластарымен қатар 5 мамыр күні шабуылға шықты. Сол жолы Кантемировка темір жолы бойындағы қаланы жаудан тазартты. Жау қанша мықты болғанымен білектің күшін біріктірген кеңес әскерлерінің жан аянбас ықпалына төтеп бере алмады. Алайда, Айтбек атам басынан контузия алып, госпитальда жатады. Госпитальдан шыға салысымен соғысқа қайта кіріседі.

Өзінің айтуында жаудың қансыз солдаттары еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін ешкімге де қайырымдылықпен қарамай, көзіне түскеннің барлығын көлікке тиеп әкете беріпті. Ал, қарсылық білдіргендерді бірден жер аттандырған екен. Сонымен қатар сол жылдардың қаншалықты зардапқа толы, әрі зұлым болғандығын еске ала отырып, келешек ұрпақтың зұлымдықты көрмеуін тілеуші еді.

Соғыста көрсеткен «Ерлігі үшін» медалі, «Қызыл Жұлдыз» ордені біз үшін атамнан есте қалған бағалы бұйымдар болып табылады. Бүгінде атам арамызда жоқ болса да, жыл сайын 9 мамыр- Жеңіс күнінде балалары, немерелері сағынышпен еске алып, соғыста болған ерліктерін айтып мақтан етеміз.

Бүгінде мен атам жайлы жақсы әңгімелерді көп естимін. Соғысқа барып, өзінің өжеттігін, қазаққа тән қайсарлығын көрсеткен өмір жолы мен үшін үлкен өнеге, таусылмас тағлым. Мен ешқашанда атамның атына кір келтірмей, егеменді елімнің мақтан тұтар бір азаматы болуға тырысамын.

Уақыт ешкімді де аямайды. Жыл өткен сайын ардагерлер қатары сиреп, орталарыңыз азая түсуде. Отан үшін отқа түсіп, соғыс даласында қасық қаны қалғанша неміс басқыншыларымен бетпе-бет шайқасқан жауынгерлердің ерлігі келешек ұрпақтың сезімін оятады. Асқар таудай қариялар елдің арқа сүйер ағасы, халықтың ақылшысы, әділдіктің таразысын бағамдайтын өмірден түйгені мол ақсақалдардың абыройы, қадірі асқақтай бермек.

Ұлы Отан соғысында Жеңістің жалауы желбіреп, әні шырқалғалы 70 жылға жуық уақыт өтті. Дегенмен, сонау сұрапыл жылдарда тағдыр тезіне төтеп беріп, кескілескен ұрыстарда табандылық көрсеткен аталарымыз бен апаларымыздың ерлігі халықтың жадында мәңгілікке сақталады. Бабалар ерлігінің маңызы мен ұлылығы жыл өткен сайын айқындала түсуде. Майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің намысшылдығын және қайсарлығын мақтан ету ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, баршамызды біріктіретін ұлы күшке айналды. Жеңіс тарихын жас ұрпақты патриоттыққа, отаншылдыққа, елжандылыққа тәрбиелеудің жарқын үлгісі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ретінде қалыптастыру – біздің ортақ парызымыз. Мемлекет Тәуелсіздігінің 23 жылы ішінде көпұлтты еліміз татулық пен келісім өркениетті қоғам дамуының, бейбіт тірліктің негізгі тірегі екенін паш етіп келеді.

Біз өз жерімізден шыққан Кеңес Одағы Батыры атанған 12 жерлесіміздің, кеуделерін оққа төсеп, туған жеріне оралмай қалған боздақтарымыздың және Сіздердің есімдеріңізді әрдайым зор мақтан етіп, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге тұтамыз. Өкінішке орай, жыл сайын сұм соғыстың сұрапылынан аман оралып, тұралап қалған ел экономикасын өркендетуге бар қажыр-қайратын жұмсаған соғыс және еңбек ардагерлерінің қатары сиреп барады. Қазақ халқының жас буыны да ардақты аталарымыз ғұмыр бойы абыроймен алып жүрген Жеңіс туына қарап бой түземек. Біз соғыста болған, оның ортасында аман оралған майдандастардың ұрпағы ретінде тәуелсіз еліміздің аспаны ашық болып, әрдайым бейбіт өмір салтанат құра берсін деген тілектеміз.

Мырзақасым Ақгүл

6-сынып, Жиделі орта мектебі Алматы облысы
Балқаш ауданы, Жиделі ауылы
Жетекшісі : Манакова Фарида Ахметжанқызы

Ұлы Отан соғысы... Естігенде жүрегің қатты қынжылады. Соғыс дегенде есімізге оққа қарсы жүрген, танкімен бірге жанып, мұздай толқынмен арпалысып қанға оранған денесімен жер бауырлап жауға қарсы жылжыған ардақтыларымыз еске түседі. Қаншама қыршын құрбан болды десеңізші... Сондай ауыр кезеңдерде еліне қорған бола білген батыр бабалардың есімдері әлі күнге дейін ел есінде .

«Ел ағасыз, тон жағасыз болмайтыны» секілді, халық қаһарман ұлдарға да кенде емес қой. «Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен, арғымақ ауыздығымен су ішкен» ауыр кезеңдер қазақ тарихында аз болмаған. Сондай сын сағаттарда халқына қорған болып, бес қаруын асынған айбатты ерлердің есімдері ұрпақтан – ұрпаққа өнеге болып келеді. Қазақтың ұлт болып қалыптасуы, ұлан байтақ өлкесінің тұтас күйінде сақталуы, тілі мен дінінің, әдет – ғұрып, салт – дәстүрінің үзілмеуі елдің елдігін асқақтата білген батыр ұлдарының өшпес ерлігінің куәсі. Ол тарихи шындық ... Сол шындыққа темір - қазақ болған ел мен жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық намыс пен қазақтың қайсар мінезді қасиеті десек жарасар еді. Соғыс кенеттен басталғанмен, бүкіл Кеңес Одағы алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түпкір-түпкірінен әскери комиссиараттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана өзіміз сияқты қанмен қаперсіз отырған мектеп партасындағы бозбалалар мен бойжеткендер өз жандарын бейбіт күннің бір таңы үшін сарп етті

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

десеңізші. Бүкіл қазақ даласындағы жаугершілік замандар біздің Іле –Балқаш өңіріне де өз ізін салып кетті. Ата –бабаларымыз өз бостандығы мен теңдігі, қасиетті жері мен елі үшін талай – талай қантөгісті бастан өткерді. Сондай ауыр кезеңдерде еліне қорған бола білген батыр бабалардың есімдері әлі күнге дейін ел есінде. Ұрпақтан –ұрпаққа жалғасып келе жатқан батырлық пен ерлікті Іле –Балқаш өңірінің азаматтары да Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше көрсете білгендерін мен үлкен мақтаныш сезімімен айта аламын. Әйтсе де оларды ел ұмытқан жоқ. Ескерткіш қойып есімдерін мәрмәр тасқа ойып жазып рухтарына тағзым етіп, үнемі бас иеді. Мен де осындай аталарымның барын әр жерде жүргенде тілге тиек етіп жүремін. Сол елге қайтпаған боздақтардың бірі – жерлесіміз Бақтораз Бейсекбаев еді. Күні кешеге дейін қайран бауырымыз хабарсыз кеткендер қатарында болып ел – жұрт, ағайын –туысы еш дерегін таппаған». Ел сенімін – ер ақтар, ер атағын – ел сақтар» деген сөз бар емес пе халықта.Мұның дәлелі арада 55 жыл өткенде салтанат құрып, халқы батырын тапты. Халқымен 55 жыл өткенде табысқан батыр ұшқыш Бақтораз батырымыздың есімі елімен бірге жасай бермек. Туған ауылдағы мектепке де әлі – ақ батырымыздың есімі беріліп, ескерткіші де қойылар.Өйткені халық өзінің батыр ұлын ұмытпайды, ұмытқан да емес.

Алайда, сол отты жылдардың таңбасы ел жүрегінде мәңгі қалары сөзсіз.

Ауданнан соғысқа аттанған 3185 адамның, 1898–і туған жеріне оралмады.

Ұлы Отан соғысы бірнеше жылға созылды .Майдан даласында мыңнан астам қазақстандық қаза тапты .Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді.Жекелеген мәліметтер бойынша адамзат тарихындағы адамның бұл ең ұлы соғыс миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Жыл артынан жыл өтіп , көкті тіліп , қара жердің төсін жыртқан зеңбірек даусының басылғанына биыл 70 жыл. Осыдан тура жетпіс жыл бұрын күллі әлем тағатсыз күткен Жеңіс жалауы Рейхстагта желбіреді.1945 жылы 8 мамыр күні Берлин іргесіндегі Карлхорсте фашистік Германияның қарулы күштерінің сөзсіз тізе бүккені туралы актіге қол қойылды. Сөйтіп ,барша адамзат жүрегі жарылардай болды. Дүниежүзілік империализмнің ең қаскөй күші – фашистер өз жерінде тұншықтырылды. Қаһарман совет халқы адам айтқысыз зардаптар шегіп, қисапсыз құрбандықтарға төзіп, Жеңіс тұғырына көтерілді. Алайда, сол отты жылдардың таңбасы соғыс көрген адамдардың көкірегінен әлі кете қойған жоқ, күн күркіресе селт етіп, зеңбірек дауысын есіне алатындар қаншама десеңізші. Менің атамның әкесі яғни, үлкен атам Түймебай ата да осы соғыстың құрбаны. Атам тылда еңбек еткен. Бүгінде «Еңбек ардагері». Мен ол жылдары сен секілді бала едім деп , ауыр күрсінеді атам. Соғыс жайлы

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

барлық мәліметтерді мен еш жерден көшіргенім жоқ. Ол менің ардақты атамның естеліктері...

Бүгін қалалар көркейіп, бақтар жайнаса, балалар күліп, көкте көгершін ұшса ол ата- апаларымыздың арқасы. Егемендік алып, етек жеңіміз жабылған бұл заман да солардың асқақ арманы ғой ...

Ендеше, ата- апаларымызға тек мереке күндері ғана емес әрдайым құрмет көрсетіп жүргеніміз дұрыс шығар жас достар!!!

Ташқараева Мадина

9 сынып, М.Мақатаев атындағы №13 орта мектеп

Іле ауданы Алматы облысы

Жетекші: Жандарал Рыскүл

Ұлы Жеңіске 70 жыл!

Сонау 1941 жылы басталып, бес жылға созылған сұрапыл соғыс кезінде, қазақ халқы басынан түрлі жайттарды өткізді. Онсызда ашаршылықты басынан өткізіп жатқан әрбір қазақ отбасы, енді отбасы тірегі – ерлерінен айырылды. Сан мыңдаған қазақтың қара көз қыздары ауылда қалып, бар қара шаруаны өз мойнына алды. Ал майдандағы әкесінен хат тосып жүрген балалар, балауса балалық шақтың дәмін тата алмады.

Соғыс зардабы тым қиынға соқты. Қаншама адамның өмірін жалмады. Анасы баласынан, баласы әкесінен айырылды.

Соғыс кезінде Қазақстан халқының өз өмірлерін, бостандығын, тәуелсіздігін қорғайтын күн туды. Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды. Майданға өз еркімен аттанғандар да бар. Қазақ сарбаздары тек қанды майданға ғана емес, тылда да қызмет еткен болатын. Қазақстан еңбекшілері тылда «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!» деген үндеумен маңдай терлерін төге, күн демей, түн демей жұмыс істеді.

Қатарыңда қазақстандықтар болған кеңестік жауынгерлер Ұлы Отан соғысының тарихына талай қаһармандық беттер қосты. Елі үшін қан мен терін аямай төккендердің саны аз болған жоқ. Олардың қатарында біздің ер жүрек мерген қыздарымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Жастығына қарамастан елі үшін жанын беруге даяр екі батырларымыз, алдыңғы шепте жүріп: «Отан үшін алға!» - деп, барлық жауынгерлерді соңынан ертіп, жауға қарсы ұмтылады. 1945 жылы 30 сәуірде жаңбырдай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жауған жау оғының астында Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын желбіреткен Рақымжан Қошқарбаев атамыздың да ерлігін ұмытпағанымыз жөн.

Жеңіс! Біз жеңдік! Міне, дәл осы сөздер ұзақ жылғы ауыртпалықтың орнын басып, көзге үймелеген қайғы-қасіреттің жасын, қуаныштан төгілген жаспен алмастырды. Анасы баласымен, баласы әкесімен қауышты. Ал ең бастысы, ата-бабамыз жауға қалың қолмен қарсы тұрып, елімізді, жерімізді сақтап қалды. Ата-бабамыздың қажымас қайраты мен сарқылмас күшінің арқасында жеңістің биік шыңына шықтық. Халықтың, елдің үміті ақталды. Үміт сәулесі сөнген жүректерде қайтадан үміт ұшқыны пайда болды. Міне, 1945 ата-бабамыздың елі үшін, жері үшін күресінің нәтижесінде, осы жеңістің нәтижесінде бүгінде өз тәуелсіздігі бар, төрінде Елтаңбасы ілініп, көгінде Туы желбіреп, Гимні даңқты айтылып жүрген елміз. Осының бәрі ата-бабамыз сыйлаған Ұлы Жеңістің арқасында. Міне, ендігі Ұлы Жеңістің 70 жылдығына да жетіп қалдық. Әрине, бұл мерейтой әрқашан да елімізде салтанатты түрде өтпек. Біз бір ту астында өмір сүріп жатқанда, әрқашан да біздің батырларымызды, жеңістің, тәуелсіздігіміздің қалай келгенін ұмытпайтын боламыз. Себебі, бұл Жеңіс – тарихымыздағы Ұлы Жеңіс.

Тоқтасын Жансая

Алматы облысы

Қарасай ауданы

Жамбыл орта мектебінің

11 сынып оқушысы

Біз бейбіт елдің ұланымыз!

Жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат – екінші дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазар болсам, бұл тақырыпты он бетке болсын жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігін білем.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де отты жылдардың елесі әлі күнге халық жадынан өшпегенін білемін. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екен әлемге аян. «Қанша үйдің ұрлап адамын, қанша үйде сөніп қалды оттар», - деп ақындар жырлағандай, әр отбасыға, әр жүрекке салған жара алпыс сегіз жыл өтсе де әлі жазыла қойған жоқ. Қазақ деген батыр халық! Қазақ халқы еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқайады. Шірене қалса, асқар – тауларына сүйенеді. Сөйлесе Қазыбек бидей шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар. Айтыса қалса, дауласа қалса

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, Абылайдай тірлігі бар карапайым елміз. Отанымыздың абыройы мен бостандығын аңсаған бабам кеудесін жау оғына тосты. Қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қан төкті. Басынан аяғына дейінгі құрылтай қаруланған гитлершілер соғыстың бас кезінде 190 дивизияны, 5 мыңдай самолетті, 3700 – дей танкті, 50 мыңнан астам қару мен минометті шабуылға шығарды. Бірақ совет халқы міз бақпай, анталап келген жауға айбындылықпен қарсы тұрды. Осындай сұрапыл соғыс күндерінде халқымыз майдан мен тылда жеңіс үшін керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді.

Әр отбасының басшысы майданда болды. Мәселен, осындай қысқа мерзім ішінде Қазақстанның түсті металлургия саласында ондаған рудниктер, шахталар мен байыту фабрикалары ашылды. Содан кейін Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Теміртаудағы металлургия зауыты, Гурьев мұнай айдау зауыты, осылардың бәрі майдан қажеттілігі үшін жөнелтіліп жатты. Осы қиындықтардан соң халқымыз адал ниет, ақкөңіл, меймандас халқымыз ізгілік сипатын жоғалтпады. Осы тұста есіме «Жерұйық» фильмі есіме түсіп отыр. Сол кездегі оқиға, Қазақстанға Кәріс, Беларусь басқа да республикалардан келген миллиондаған адамдар мен жетім – жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Міне, осы фильм арқылы да халқының жүрегінің кең екенін сезінгендеймін! «Балам, сенің бұл халқын – батыр халық, батырлығын жауына татырды анық», - деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет дәлелденді. Жау жағадан алғанда елің қорғау өмірлік парызы деп білген, елің ерлерше қорғап, отан соғысының лапылдаған отының ішінде қаза тапқан батырларымыз отанды қорғау азаматтық борышы деп түсінді. «Біз – кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек атымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген махаббатын майданда дәлелдеген, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлы. «Аяулы Әлия мен Мәншүгімді» – деп есімдерін ән жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімін ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. Қазақ батыры асқар таудай тұлға авиация генерал – майоры, Кеңес одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов. Осы атамның өмірден өткені бүкіл қазақ халқының белін қайыстырды. Жатқан жері жайлы болсын! Алғысым шексіз сізге... Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемелекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатқаны тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында! Шығармамды өзімнің өлең шумақтағымен аяқтағым келеді...

Қызыл жебе қан майданда ойсыратыр ойнаған,
Анау фашист танкісімен атқылауды қоймаған,
Жалғыз емес барша қазақ даласын,
Фашистермен, өзге ұлттар бойлаған,
Қан майданда ерлік үшін еңбек етіп қазақ баласы,
Әлия мен Мәншүк сынды жұлдыздар
Қайсарлықтың нағыз айқын даласы!!!

Турдыкеева Шынар

10 сынып, Үлкеншыған орта мектебі,

Үлкеншыған ауылы Алматы облысы

Жетекшісі: Давлетярова Райхан Омирсерикқызы

Отты жылдар жаңғырығы

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл өтіпті. Бұл – сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасында, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да, даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып, бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен туған-туыстарына, жақындарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің тұрғындары тойлайды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпағы үшін қан құйлы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен беларус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алынбас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына көз жеткізуге болады. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімін тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Тарих кеше үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін оқиғалар болады. Барлық әлемді дүр сілкіндіріп екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-сінде болған еді. Бірақ Сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9-мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталады. Қара бұлттай түнеріп, батыста өрттей қаулап, жан-жағын жалмап фашист деген «аждаһа» алдына келгенін жайратып келе жатты. Жолындағыны аямады, баланы бала демеді. Ұстанғаны- аямаушылық, қатыгездік таныту, күшпен әлемді дүр сілкінтіп, баса көктеп бейбіт өмір кешіп жатқан халыққа аяушылық танытпады.

Отты лебімен небір зәулім үйлерді, ғимараттарды да жермен жексен қылды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Адамзат тарихындағы ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Кеңес халқы жан тәнімен Отанды қорғады. Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Осы соғыста Кеңес одағының басқа республикалармен бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштерінің және еңбек армиясының құрамына 1 млн 870 мың қазақстандықтар болған.

Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты.

Бірақ ел бірлігінің арқасында ол «аждаһа» да ауыздықталды. «Отты аждаһаға» тосқауыл қою үшін 15 мемлекет өз бірлігін танытып, тұс-тұстан соққы берді. Соғыс жүріп жатқан жерлерге азық-түлік жөнелтіп, тылда балалар, шал-кемпірлер, ақ жаулықты аналар тынымсыз еңбек етті. Бар әлемнің назарына іліккен соғыста отандастарымызға рух беру, күш жігерін қайрау үшін отты өлеңдер жазылып жатты. Сол кезде соғыс тақырыбы әдебиет әлемінде етек жайды. Атап айтқанда Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы, Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңі, Б.Момышұлының «Артымызда Москва» т.б шығармалар жарық көрді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, елдің ынтымақтығы, бірлігі арқасында совет өкіметі Ұлы жеңіске қол жеткізді. Жауынгерлік ерліктері үшін мыңдаған қазақстандық орден-медальдарымен марапатталса, Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы –мерген Әлия

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Жеңіске дету жолында қайсар қазақ бабаларымыздың ерлігі мен көрегендігі де себекпіші болды. Танымал қолбасшы, әскери жауынгер, тактик Бауыржан Момышұлының ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Бауыржан атамыз «Болат қайнауда шынығады», «Отан үшін отқа түс күймейсің»-деп, сарбаздардың күш – жігерін, намысын қайрады.

Қайсар бабаларымыздың ерен ерліктерін ұмытпау үшін Қазақстанның барлық қалаларында Даңқ монументтерін, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою 9 мамыр күні ерекше салтанатпен өтіледі.

Осы бейбіт өмірде бізге сыйлаған ата-бабамның әруағына құран бағыштап олардың есімнің ел жадында өшпеуіне ат салысуымыз біздің бейбіт замандағы ұлы күресіміз.

Шарипов Жасөрен

10-сынып оқушысы Бөдеті орта мектебі
Ұйғыр ауданы Алматы облысы
Жетекші: Ахметова Кеуерхан Алпысбайқызы

... Есіме соғыс жылғы дауыл түсер,
Шал-кемпір, жетім-жесір ауыл түсер.
Қақсатып қара қағаз жататұғын,
Майданда өлген әке-бауыр түсер.
Н. Исахметов

Менің ауылым-Кепебұлақ. Кілең қазақтар орналасқан қияндағы кішкентай ауыл. Ауылдың шығыс беткейіндегі шағын өзекеңі қуалай ағатын өзен де Кепебұлақ деп аталады «Әркім өз лағын текешік қояды» демекші, өзен деген атауға келмесе де, өзімізге Іле дария болып көрінетін бұл су да басын Кепебұлақ тауынан алады. Тау қойнауынан құлай аққан асау өзен, мөлдір бұлақтар менің сіміріп ішкен шарбат суым, шөлімді басқан сусыным. Жағада жайқалған жасыл құрақ, жағалай өскен тал, терек, өрік, алма ағаштары, асыр салып аунаған, жемісін теріп саялаған құт мекенім. Осы бір құт қонып, қыдыр дарыған, бейқам жатқан ауылдың осындай тыныштығын бұзған 1941 жылдың 21 маусымындағы соғыс туралы суық хабар еді. Ел басына күн туған қиын сәтте, ер намысы сыналар шақта шағын ауылдың өзінен 200 азамат соғысқа аттанды. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» демекші, аттанған 200 боздақтан 25 адам ғана кебенек киіп, мүгедек

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болып елге оралды. Солардың бірі менің атам-Асрандин Шәріп. Бір үйден аттанған төрт азаматтан дәм-тұзы таусылмай, елге аман оралғаны ғана менің Шәріп атам екен. Атамның соғыста көрсеткен ерліктері, алған ордендері мен медальдары, оларды алу тарихы туралы айтқан естеліктері өз алдына үлкен бір кітап болары анық. Атам елге оралған соң 47 жыл ұстаз болып еңбек етті. Мен атамды мақтан етемін. Атамның көптеген медальдарымен бірге «Қызыл жұлдыз» ордені, ауданның құрметті азаматы, ҚР Білім озаты секілді толып жатқан марапаттары бар.

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат-екінші дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, соғыс уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап. Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары арамызда жүріп, Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай...

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды.

Соғыс, соғыс сенің қылған қастығың,
Талай жанның көкірегін басты мұң.
Әкемнің де өмірін сен жоғалттың,
Шешемнің де солдырдың-ау жастығың,

-деп жырлаған республикаға танымал, белгілі ақын Нүсіпбек Исахметов те осы Кепебұлақ ауылының перзенті.

Сұрапыл соғыстың көкейге салған жарасы осындай-ақ болар. Ананың қайғысы, баланың орны толмас сағынышы жүректі сыздатып, бойды шымырлатады.

Көңілге көп тоқыған,
Кәрі-құртаң ашынды.
Қара қағаз оқудан,
Сауатымыз ашылды,

-деп Қадыр Мырзалиев жырлағандай, Ұлы Отан соғысы талай адамның тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеті жаста жүгіргенде кеше мен,
Жігіттерді көрмеуші едік көшеден.
Аттандырып жеңіс үшін барлығын
Ауылға ие біздер қалдық шешемен,

- деп Нүсіпбекақын жырламақшы, бүкіл ауыл тіршілігі жас әйелдер мен бала-шағаларға қалды. Қабырғасы қатпаған жас балалар мен желегі желбіреген жас әйелдер егін орып, шөп шауып, мал бағып, майданға азық-түлік пен жылы киімдер дайындап жөнелтіп отырды. Аламанова Әлия, Шопанбаева Тәттіжан, Есболатова Үмітті, Мартбаева Көкек, Әбдіғұлова Күлиша, Қасымбекова Қарлығаш сынды аналарымыз жесір қалып, жарларынан қара қағаз келіп, қара жамылып отырса да осы бір қасіретті де қасиетті міндетті абыроймен орындай білді.

Кешегі қу соғыстың кесірі еді,
Аттанды елдің түгел есіл ері.
Бұл күнде кемпір болып қалдыңдар-ау,
Өрімдей Кепебұлақ жесірлері.
Жиырма жаста-ақ таттыңдар күйік дәмін,
Қу тізенді құшақтап ұйықтадың.
Соғыстың ауыр жүгін арып-ашып,
Көтеріп шықты талмай иықтарың.

Жесірлер жанған жүрек от жүзділер,
Барлығын бастан түгел өткіздіңдер.
Оралмаған әкенің орны бол деп,
Жетім қалған біздерді жеткіздіңдер,-деп

Н.Исахметов жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара жетпіс жыл өтсе де әлі жазыла қойған жоқ. Алайда арды ойлаған аналардың, Отаны үшін от кешкен ерлердің, Жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ешқашан ұмытылмайды. Жыл сайын тойланатын Ұлы Жеңіс күні-сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Бұл мейрамды бүгінгі майдангерлер-соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгілерін көрсеткендер, ал бүгінде тәуелсіз елінің өздеріне көрсеткен құрметін сезінген Ұлы Отан соғысының мүгедектері тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің қажырлы еңбектерімен жеңісті шындаған шаруалар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әкелерін, ерлерін, ұлдарын және жарларын көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен аналар тойлайды. Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан жетпіс жыл бұрынғыдай сыздайды. Бұл күні жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады. Біздің бабаларымыздың қасық қанымен, жастық жанымен келген Ұлы Жеңіс тәуелсіз еліміздің көк туы көкке желбіреп тұрғанда мәңгі тойлана берері сөзсіз.

Тоғызыншы май күні-Жеңіс күні,
Тегіс жылап, бүкіл жұрт тегіс күлді.
Қайтпаған мен қайтқанның хабарындай,
Тұрды ауылда желбіреп Жеңіс туы.

Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жері бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы-біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Қазір Республикамыздың дүние жүзіндегі алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы-тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, XXI ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Шукурлаева А.

8 сынып Қ. Қошмамбетов атындағы орта мектебі
Жетекшісі: Алпысбаева М. К.

Ел есімі - ер есінде

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат – Екінші дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, соғыс уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап. Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай. Адамзат жүрегіне айықпас жара салған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінен өшпегенін түсіндім. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян.

Қанша үйдің ұрлап адамын,

Қанша үйде сөніп қалды оттар, - деп ақындар жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара сонша жыл өтсе де әлі жазыла қойған жоқ.

Елдің елдігін, ердің ерлігін сынайтын нағыз тарихи аласапыран кезеңде:

Қасиетім менің,
Адалдығым менен ақтығым.
Жаныма қуат
Жүрегімнің таза пәктігі.
Тәңірімнен күнде
Көз жасыммен тілеймін
Өтсем екен деп

Тірі жанға болмай жаттығым, - деп ақын Әбділдә Тәжібаев жырлағандай, парасаттылық, адалдық, жүрек пәктігі сияқты ізгі қасиеттерді биік ұстап өткен Қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті шақта Отанды қорғауға аттанды. «Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды», - деп Баубек Бұлқышев айтқандай, жаратылысынан ақкөңіл, ақ жүрек, батыр, намысты халық өз мүддесінен Отан мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанға деген махаббатын осылай дәлелдей білді. Қазақ деген – батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкейе қалса, азаматтығына, өзінің парасаттығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қолынан қиыстырып жол табар, Абылайдай тірлігі бар ел. Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пидә етті десеңші!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

Сол кездегі Кеңес Одағы халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен әскердің жаппай ерлігі Жеңісіміздің кепілі болды.

Осындай сұрапыл жылдарда да қонақжай адал ниетті, ақкөңіл, меймандас халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалтып алмады. Дүниенің түкпір - түкпірінен келген баспанасыз миллиондаған жетім-жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Босқындармен өз баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекеттер, Жеңіске жетуіміздің бірден - бір себепшісі. Біздің бұл халқымыз – батыр халық. «Батырлығы жауына татырда анық», - деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет дәлелденді. Дүниені дүр сілкіндірген осы алапат соғыста қазақтың көптеген ержүрек батырлары Кеңес Одағының Батыры атағын алды, сөйтіп тарихта өшпестей із қалдырды. «Ел шетіне жау тиді» дегенді естігенде Қабанбай, Бөгенбай, Амангелді сынды батырларымыздың ұрпақтары қолдарына қару алып, бір кісідей кеуделерін оққа тосуға әзір екендіктерін білдіреді, елі үшін өлуге, елін қорғауға ант береді. Және олар өздері берген анттарында тұрып, ел шетіне жау шауып, халқымызды қойға шапқан қасқырдай аяусыздықпен шетінен қырып жатқан сәтте кіндік қаны тамған жерлерін, Отанын қорғауға аттанып, сұрапыл соғыс алаңында ерлікпен қаза тапты. Туып – өскен жеріне тұтқиылдан шабуыл жасалып, халқы аяусыздықпен қырылып жатқан сәтте кешегі Бөгенбай мен Қабанбай, Абылай сынды ұлы тұлға, жаужүрек батырларымыз бен қазақ халқының тұғыры биік ел болып, өсіп – өркендеуіне үлес қосқан батыр бабаларымыздың ұрпақтары осындай ел басына күн туған сәтте қалай қол қусырып отыра алсын.

Бүкіл дүние жүзіне аузын арандай ашқызыған бұл соғысқа аузынан ана сүті кеппеген, өрімдей жас, Отан үшін отқа түсуге дайын, кешегі бүкіл әлемді сұлулығымен тәнті еткен Қыз Жібек, Баян сұлу мен қазақтың үкілі домбырасымен айтысып, күй тартқанда алдына жан салмайтын Дина мен Сара сынды аяулы аруларымыздың ізін жалғастырушы қыздарымыз да аттанды. Кейбіреулердің оларға қарсы болғаны да рас. Ержүрек сарбаздарымыз үшін оңай соқпаған шайқас аруларымыз үшін қалай оңай болмақ? Бірақ, олар Отан қорғау әрбір елін сүйген азаматтың парызы, Отан алдында бәрі бірдей деп ойлаған секілді. Мен олардың бұл шешімімен толықтай келісемін, бәлкім мен де, мен сияқты басқалар да солай істер еді деп ойлаймын.

Сондай қиындықтарға толы күндерді басынан өткізген қазақ халқы «тірліктен де артық қойған бірлікті» деп қазақ атам айтқандай, бірлік пен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

ынтымақтастықты, ел тыныштығын бәрінен де артық қойып, неміс фашистерімен болған соғыста жеңіске жетті.

Бүгінде біз өз тәуелсіздігімізді алған, зайырлы, өзге елмен терезесі тең тұғырлы, болашаққа бастар жолы ашық, бейбіт, барлық ұлт өкілдерін туғанындай көріп, төрінен орын беріп, бауырына басқан қонақжай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Біздің бүгінгі өмірімізді бұрынғымен салыстыруға да келмейді. Әрине, мұның бәрі сонау сұрапыл соғыс жылдары Отан қорғап, туып - өскен жерінде гитлершіл саясат жүргізіп жатқан неміс фашистерінің құрыштай қарулы әскерлерін бұл жерге қайтып табан тірместей етіп, қуып шыққан Алпамыстай күші бар, жаужүрек батырларымыз бен бойына ақыл тұнған аруларымыздың арқасы. Өкінішке орай, сондай тек қана қазақ даласы үшін дүниеге келген батырларымыздың кейбіреулері қазір арамызда жоқ, олар соғыс даласында жүріп, қасық қаны қалғанша немістің қанды қол әскерлерімен шайқасып, ерлікпен қаза тапты.

Қазіргі таңда қазақ даласын немістің қарулы әскерінен азат етіп, жеңіске жеткен күніміз салтанатты түрде атап өтіледі. Бүгінде арамызда бар адамдарға және ерлікпен қаза тапқан батырларымызға ерекше құрмет көрсетіледі. Оларға арнап еліміздің әрбір қалаларында ескерткіштер орнатылған десем қателеспеген болар едім. Әрбір Отан десе ішкен асын жерге қоятын, әрқашан елім, жерім деп жүретін нағыз ел патриоты болуға дайын, өскелең ұрпақтың болашағын ойлайтын әрбір азамат осы Ұлы Отан соғысына арнап орнатылған ескерткіштің жанынан өткенде, тәуелсіздіктің қалай келгені жайлы, бұл жолда батыр - бабаларымыз қандай қиындықтар көргені жайлы есіне түсіп, аталары салған дара жолды ары қарай жалғастыру керектігін түсініп, Отанына өз пайдасын тигізетін болар деп ойлаймын.

Біз сол зұлмат замандағы қайғы – қасіреттер мен қиындықтар туралы сол заманда болып бәрін өз көзімізбен көрмесек те, сол кездегі оқиғаларды, сарбаздарымыздың батырлығы жайлы білеміз. Және сол батырларымыздың ержүрек, қайсар мінезі мен батырлықтары жайлы болашақ ұрпаққа аңыз сынды, батырлар жыры сынды жеткіземіз. Бұл оқиға, батырларымыздың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығы, «Отан оттан да ыстық» деген мақалды қолдана отырып, елін, жерін қорғау үшін ештеңеден тайсалмай атқа қонып, ел қорғаудағы батылдығы болашақ ұрпаққа үлгі – өнеге көрсетеді. Қазақта «Ер есімі ел есінде» деген аталы сөз бар емес пе, сол сияқты біз елі мен жері үшін оттан да тайсалмаған батырларымызды ешқашан ұмытпай, есте сақтаймыз.